

Раздел VII

МЕЖДУНАРОДНОЕ ПРАВО

Қазіргі кезеңдегі халықаралық теңіз құқығы және Қазақстан Республикасы

Ә. Сабыров

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана қ.

Email: sabyrov_a@enu.kz

Аннотация. Берілген еңбекте автор халықаралық теңіз құқығының қалыптасуын қарастырады. Теңіз кеңістігінің режимін және құқық статусты қадағалайтын негізгі көпжақты мемлекетаралық келісімдер талқыға салынған. Бұл мақалада қазіргі халықаралық теңіз құқығының принциптері жете зерттеліп жүйеленген. Сонымен қоса, жаңа құқықтық принциптердің қалыптасуы мен теңіз құқығының аймақ аспектілері осы жұмыста сөз етілген. Осы мақалада басты назар Каспий теңізінің құқықтық статусының анықтауына бөлінген. Қазақстан Республикасының бұл мәселе жөніндегі көзқарасы талданып, бүгінгі күнде жағалау мемлекеттерінің аталған мәселе бойынша ұстанымдары қозғалған.

Бүгінгі таңда, теңіз кеңістігінің халықаралық құқықтық режимі – ол халықаралық құқық келісім шарттарын мен мемлекеттердің міндеттерін анықтайтын, теңіз қорлары мен кәсіптегі кеңістікті қолданылуын қадағалайтын заңдық нормалар жинағы болып табылады. Айта кету қажет, теңіз кеңістігі режимі екі фактордың әсер етуі арқасында жасалады: бірінші ол ашық теңізді барлық мемлекеттердің мүддесінде және екінші теңіз жағасында орналасқан мемлекеттердің пайдасында қолдану керектігі жайлы.

Халықаралық теңіз құқығы көп уақыт бойы әдет құқық ретінде дамып келді. Біздің заманымызға дейін дәстүрлі маңызын жоғалтпаған болатын, бірақ қазіргі кезеңге басымдылық етуші халықаралық келісім шарттарға орын берді. 1958 – 1960 жж. БҰҰ-ның Женева қаласында өткен конференциядан кейін құқықтық кодификациялау жүзеге асыратын халықаралық теңіз құқығы үлкен рөл ойнай бастады [1]. Халықаралық теңіз құқығын кодификациялау жұмысы БҰҰ-ның III-ші конференциясында жалғасты (1973-1982 жж.).

Аймақтық теңіздер мен бос жатқан аумақтар, құрлықтық шельфтер, ашық теңіз, балық шаруашылығы мен ашық теңіздің тірі қорларын қорғау жөніндегі теңіз құқықтарының басты қайнар көзі 1958 жылғы теңіз құқығы жайлы Женевалық конвенциялар болды. 1982 жылы 10-шы желтоқсан күні, БҰҰ-ның конвенциясы бекіткен теңіз құқығы ең соңғы жинақ акт болып табылды. Бұл конвенцияға 160-қа жуық мемлекет қол қойған, 1994 ж. 16 қарашада ол өз күшіне енді. Ынтымақтастық мақсатында жасалған арнайы келісім шарттар айтарлықтай маңызды орын алды. Мәселен, 1979 ж. адамдарды іздеу және құтқару жайлы халықаралық келісім және 1969 ж. теңіз суын экологиялық ластануынан қорғау жайлы бірнеше халықаралық келісімдер, 1972 ж. теңізге кемелердің соғысуын ескерту жайлы халықаралық құқық келісімі; 1974 ж. теңіздегі адам өмірін қорғау жайлы халықаралық келісім; 1972 ж. теңіз суының мұнай және әртүрлі экологиялық қалдықтармен ластануынан қорғау жайлы халықаралық келісімдер қабылданды.

Ғылыми әдебиетте, халықаралық теңіз құ-

қығының басты қағидалары жайлы алуан түрлі пікірлер бар. Ашық теңіздерге қатысты қағидалар ең маңызды және жалпы мойындалған болып табылады. Сол кезеңдегі ғалымдар айтып кеткеніндей, теңіз кеңістігінің ешқандай мемлекет пен басшыларының басқара алмайтынын, ешқандай жалпығы ережелер жоқ екендігін айтып кеткен болатын. 1982 ж. теңіз құқығы жайлы БҰҰ-ның Конвенциясының 87 бабында осы қағида бекітілген. Ашық теңіз қағидасы теңіз жағалауында жататын да, жатпайтын да барлық мемлекеттерге ашық екенін айтады. Ашық теңіз еркіндігі, 1982 ж. Конвенция шарттарымен басқада халықаралық құқық нормаларымен анықталады. Оның ішіне теңіз жағалауында жатқан да, жатпаған да мемлекеттер еркін кеме қатынасы, еркін ұшу, еркін су асты құбырларын және байланыс шоғырсымын өткізуге, халықаралық құқық нормасына сәйкес еркін аралшықтар мен құрылғылар орнатуға, еркін балық шаруашылығымен айналысуға, еркін ғылыми зерттеу жүргізуге болытыны қарастырылған. Барлық мемлекеттер ашық теңіз қағидасын басқа мемлекеттердің де мүдделерін ойлап қолдану керек.

Халықаралық құқық теңізінің басқа қағидасы – бұл ашық теңізді бейбіт мақсатта қолдану. Бұл қағиданың басты мақсаты ашық теңізде мемлекеттер арасында әскери қарулы күшті қолданбауға және оны тек бейбіт мақсатта қолдану. 1971 ж. келісім шарт бойынша, теңіз және мұхит түбінде ядролық және басқада жаппай қырып салатын қаруды орналастырмау керек екендігі жайлы қағида айтылып кеткен болатын. 1982 ж. БҰҰ-ның Конвенциясының 88 бабында аталған қағида жазылған. Бұл келісім ашық теңіз тек бейбіт мақсатта қолданылады деп анықтайды. Бұл келісімде шарттың кіріспе сөз басында, осы талапта қойылған режим бойынша теңіз бен мұхиттар бейбіт мақсатта қолданылуы керек деп бекітілген [2]. Конвенцияның 141 бабы бойынша, теңіз түбін тек қана бейбіт мақсатта қолдануға рұқсат етілген. Осындай ерекшеліктерге экономикалық аймақ, халықаралық бұғаздардағы транзиттік жол мен архипелаг сулары және теңіз ғылыми зерттеулері де кіреді.

Халықаралық теңіз құқығының маңызды қағидаларының біріне теңіз қорларын орында қолдану да кіреді. Ол XX ғасырдың басында көрініс ала бастады. 1958 ж. Женевада болған кездесуде, ашық теңіздің қорлары мен балық шаруашылығын қорғау жайлы екі жақты

келісім шарт қабылданды. Конвенцияның 2-ші бабында ашық теңіздің тірі қорларын қорғау бұл ресурстармен адамды қамтамасыз ету көлемін өсіруге бағытталғанын көреміз. Теңіз жағалауында орналаспаған мемлекеттерде, балық шаруашылығымен айналысып жатқан мемлекеттерде оның фирмаларының теңіз қорларын қолданылуын қадағалау керек.

Бұл қағида 1982 ж. БҰҰ-ның теңіз құқығы Конвенциясының екінші бөлімінде толық ашылған. Конвенцияның 117 бабына сәйкес, барлық мемлекеттер қолдан келетін барлық әдісті пайдалану арқылы ашық теңіз қорларын сақтап қалуға міндетті. Конвенцияның 119 бабында қолданылатын әдістер көрсетілген.

Ал пайдалы қазбалар қорына келсек, 1982 ж. Конвенцияның үшінші бөлімінде орынды қолдану жайлы шаралары анықталып жазылған. Теңіз суының ластануын алдын алу жайлы қағидасы алғаш рет 1954 ж. теңіз суының мұнаймен ластануын алдын алу туралы халықаралық конвенцияда бекітілді. Келісім шарттың кіріспе сөз басында, кемелерден ағатын мұнайды тоқтатуға алдын алу шаралары туралы айтылып кеткен болатын. Конвенция бойынша мұнай қалдықтарды ағызуға болмайтын жерлерді нормалар анықтайды.

1972 ж. конвенция теңіз ластанудың алдын алуды қарастырып отырған қағидасын толығымен ашып береді. 1973 ж. халықаралық конвенция кемелердің ашық теңіз суын ластануын қарастырады. 1973 ж. конвенция кемелердің кездейсоқ болған соғысуын болдырмауға арналған. 1969 ж. халықаралық конвенция бойынша теңіз суларын мұнай қалдығымен ластанғандарды азаматтық жауапкершілікке тарту және басқа да көптеген конвенциялар теңіз ластануынан сақтап қалу жайлы қабылданған болатын. 1982 ж. БҰҰ-ның қабылдаған Конвенциясынан кейін теңіз суының ластануын алдын алу қағидасы күшін жойды. Конвенцияның 192 бабына сәйкес, барлық мемлекеттердің теңіз ортасын ластанудан сақтауға міндет етіледі. Конвенцияның 194 бабына сәйкес, теңіз ортасын ластануын алдын алуға, қорғауға және ластану себептерін азайтуға шара қолдану керек екендігі жазылған. Конвенцияның 195 бабында мемлекеттерге теңіз суларын ластануға міндет етілді, 207 бабында теңіз ластанудың алдын алу жайлы бірнеше талаптар қойылды.

1982 ж. қабылданған БҰҰ-ның XIII конвенциясының 87 бабында, ашық теңізде еркін ғылыми

зерттеулер жүргізу туралы қағида жазылған. Ашық теңіз қағидасы элементтерінің бірі еркін ғылыми зерттеулер жүргізу болып табылады. 1982 ж конвенцияда қарастырылып кеткендей сол мемлекеттің құқықтық нормалары мен міндеттері орындалатын болса басқа мемлекеттер еркін теңіз зерттеулерін жүргізе алады. Конвенцияда еркін теңіз ғылыми зерттеу жүргізуінің жалпы қағидалары да қарастырылып кеткен.

Ресей ғалымдарының пікірінше, халықаралық теңіз құқығының қағидаларына адамзаттың мұраға қалдырған жалпы қағидаларын жатқызады. Ал басқа бір топ зерттеушілердің ойынша, құрлықтық шельфтің шекарасына жатпайтын теңіз кеңістігі мен қорларына ғана қатысы бар. Олардың пікірінше, оның басқа кеңістік пен қорларға таралуы мүмкін емес. Сол себепті халықаралық теңіз құқығын мемлекеттердің аймақтық суларды басқарудағы тәуелсіздігі мен мемлекеттердің ерекше заңы бойынша қаралатын халықаралық құқық қағидаларының бөлігіне жатқыза алынбайды деп ойлайды.

Тұйық және жартылай тұйық теңіз қатарына екі немесе одан да көп мемлекеттермен қоршалған шығанақ, бассейн немесе теңіз жатады. Осыған мысал ретінде, Қара теңіз, Балтық теңізі және Жерорта теңізін жатқызамыз [3]. Екі немесе одан да көп мемлекеттермен қоршалған және әлемдік мұхитқа шықпайтын теңіз, шекаралық көл ретінде саналады.

Тұйық және жартылай тұйық (немесе – бекітулі және жартылай бекітулі) теңіз құқықтық режимі жалпы қабылданған халықаралық құқық негізінде жағалаудағы мемлекеттермен анықталады. Әдетте осындай теңіздердің құқықтық режимі жағалаудағы мемлекеттердің қауіпсіздік және басқа да мүдделерін, сонымен қатар, барлық мемлекеттердің балық аулау және сауда кеме қатынастары ескерілген халықаралық келісімдермен қамтылады. Мысалы, Қара теңіздің құқықтық режимі Монтре қаласында (Швейцария) 1936 жылы бекітілген көпжақты Конвенциямен анықталады.

Тұйық және жартылай тұйық теңіздің құқықтық режимі жағалаудағы мемлекеттер қатарына кірмейтін мемлекеттердің әскери кеме қатынастарына белгіленген шектеулер немесе толық тыйым салуды қамтиды. Мәселен, 1936 жылғы Қаратеңіз бұғазының режимі туралы Конвенцияға сәйкес Қара теңіз жағалауына жатпайтын мемлекеттерде бейбітшілік уақытында жалпы 30 000 тоннаға дейін кемелер өту

мүмкіндігі бар. 1982 жылғы БҰҰ-ның теңіз құқығы Конвенциясының 123 бабына сәйкес, тұйық және жартылай тұйық теңізбен ұштасып тұрған мемлекеттер өздерінің құқықтарын және міндеттемелерін жүзеге асыруда бір-бірімен ынтымақтастықта болуы қажет. Бұл мақсатқа жету үшін олар тікелей (мысалы, екіжақты немесе көпжақты келісімге отыру арқылы) немесе осыған лайықты аумақтық ұйымдар арқылы шығуы керек. Ол үшін теңіздегі тірі жәндіктерді басқару, оларды қорғау, барлау және қолдануды құрылымдастыру; теңіз айналасын қорғау және сақтауға қатысты өзінің құқықтарын және міндеттемелерін жүзеге асыруды құрылымдастыру; ғылыми зерттеулер жүргізу саясатын құрылымдастыру және ғылыми зерттеу бағдарламаларын орынды деп саналатын аймақтарда жүргізу; орынды деп есептелінген жағдайда, бекітулі және жартылай бекітулі теңіз ресурстары мәселелері бойынша ынтымақтастыққа мүдделі мемлекеттерді немесе халықаралық ұйымдарды шақыру.

Осы теңіздердегі балық және басқа да жәндіктермен кәсіп етуі әдетте мүдделі мемлекеттердің халықаралық балық аулау ережелеріне қатысты орнатылған көпжақты немесе екіжақты келісімдермен басқарылады [4]. Мысалы, Балтық теңізінде балық аулау режимі 1973 жылғы келісім-шартта және Балтық теңізінде балық аулау және ондағы тірі жәндіктерді сақтауға қатысты Конвенцияға сәйкес басқарылады; Қара теңізде – 1959 жылғы Қара теңізде балық аулау туралы Кенес Одағы, Болгария және Румыния мемлекеттері арасындағы келісіммен басқарылады. Осы келісімдер балық шаруашылығымен айналысатын мемлекет аралық ұйымдардың құрылымы жағалаудағы мемлекеттердің теңіздегі тірі жәндіктерін сақтау және оларды дұрыс қолдануды ең жоғары дәрежеде қолдау мүдделері мен мемлекеттер арасында тығыз және ауқымды ынтымақтастықтың қажеттігімен түсіндіреді.

Тұйық және жартылай тұйық теңіз ортасын сақтау мақсатында жағалаудағы мемлекеттер тиісті келісімдер жасады. Атап кетсек, 1974 жылы дипломатиялық конференцияда Балтық теңізі аумағын қорғау бойынша Конвенция қабылданды. 1976 жылы Жерорта теңізі жағалауындағы мемлекеттердің өкілетті өкілдері конференциясында Жерорта теңізін ластануынан қорғау туралы Конвенцияға қол қойылды. Соңғы жылдары белсенді түрде Каспий теңізі

құқықтық мәртебесі мен режимі жайлы Конвенциясын жасау және құру бойынша іс-шаралар және осы бассейнге қатысты іс-әрекеттер режимі туралы конвенция қабылдау жұмысы жүргізіліп жатыр.

Осы орайда БҰҰ Конвенциясының «тұйық және жартылай тұйық теңіздер» туралы ІХ тарауын қарастырған дұрыс деп есептейміз. 122 бап «тұйық және жартылай тұйық теңіздерге» шығанақ, бассейн екі немесе одан көп мемлекеттермен қоршалған және басқа теңіздермен немесе мұхиттармен тар өткел арқылы байланысы бар немесе көпшілік бөлігі екі немесе бірнеше жағалау мемлекеттерінің аймақтық сулары мен ерекше экономикалық зоналары болып табылатын теңіздер жатады. 122 баптан мынаны түсінуге болады. Тұйық немесе жартылай тұйық теңізді анықтауда екі критерий қолданылады. Бірінші критерий географиялық негіз болса, екіншісі құқықтық болып табылады. Яғни екінші критерий келешекте үлкен маңызға ие болады. Өйткені құқықтық критерий бойынша теңізде аймақтық сулар мен ерекше экономикалық зоналарды анықтау мәселелері көтеріледі. Қазақстан өзінің ұстанымын қорғауда екі критерий де құқықтық тіреу ретінде қолданатынын айтып өткен жөн.

Көбінесе, ұғымдар кең мағынаға ие болғандықтан су объектілерін жабық теңізге жатқызуға практикалық тұрғыдан көптеген қиыншылықтар туындайды. Сонымен қатар қазіргі халықаралық теңіз құқығында белгілі бір су объектісін тұйық немесе жартылай тұйық теңізге жалпыға тән анықтама, барша мойындаған қағида жоқ. Конвенцияны құрған мамандар құқықтық классификацияға және орағытуға көбірек мүмкіндік беруді ойлаған болуы мүмкін. Тұйық және жартылай тұйық теңіздер ретінде құқықтық статусының даму тарихы бар теңіздерге Қара және Жерорта теңіздерін жатқызуға болады. Осы теңіздердің реттеуде мемлекеттердің түрлі қауіпсіздік, экономикалық және тағы басқа да салалардағы мүдделерін ескере отырып, сонымен қатар теңіз байланысы мен балық аулау шараларын есеп ала отырып жасасқан халықаралық келісімдер негіз болып келген. Су объектілерін тұйық немесе жартылай тұйық теңізге жатқызу жағалау мемлекеттері қатарына жатпайтын елдердің әскери кемелерінің жүзуіне толық тиым салады. Балық аулау және теңіз жануарлары кәсіпшілігі мәселелері екі тараптық немесе көптараптық келісім-шарттар арқылы шешіледі.

Мәселен, Қазақстанға қатысты Каспий теңізі жайлы атап кету керек деп ойлаймыз. 1994 жылдың 19 шілдесінде Қазақстан Каспий теңізінің құқықтық статусы туралы Конвенция жобасын ұсынды. Жоба Қазақстан Республикасы ресми биліктерінің Каспийдің болашақ статусы туралы көзқарасын білдіреді. Жоба бойынша Каспий теңіз ретінде қарастырылып, 1982 жылдың 10 желтоқсанында қабылданған БҰҰ Конвенциясының негізгі нормативтерінің күші жүру керек екендігін ұсынылды. Жобада Каспий жағалауындағы елдердің мемлекеттік шекаралары көлемдік сулар бойынша, яғни жағалаудан 12 теңіздік мильмен бекітілуі қажет. Теңіз түбінің қалғаны ұлттық секторларға бөлінеді. Бөлінген бөліктер халықаралық теңіз құқығына сәйкес жағалау мемлекеттерінің ерекше экономикалық аймақтары болып табылады. Ал, табиғи ресурстарды пайдалану, әсіресе ұлттық секторларда жатқан теңіз қойнауындағы байлықты қолдану жағалау мемлекеттерінің құқықтық құзыретіне бағынады. Осыған орай Қазақстан тарапы жағалау мемлекеттерінің табиғи ресурстарды пайдаланудағы мүдделерін қорғауға және экологиялық жүйені сақтауға шақырады. Қазақстан жағалық мемлекеттермен бірқатар екіжақты келісімдердің қатысушысы болып табылады. Мәселен, 10 маусым 1997 жылы Қазақстан Республикасы Әзірбайжан Республикасымен, Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы көпжақты Конвенция бекітілгенге дейін теңіздегі орта сызықтағы өздерінің ұлттық секторына тиесілі шекараларды ұстану мен өзара іс-әрекеттің түрлі салаларында ынтымақтастықты жандандыру туралы ұстанымдарын мәлімдейтін ынтымақтастықты одан әрі дамыту мен күшейту жөніндегі Декларацияға қол қойды. 1998 жылғы Қазақстан мен Ресей арасындағы келісім де ерекше мағынаға ие. Қазақстан Республикасы 14 қараша 2002 жылы, Мәскеуде 06 шілде 1998 жылы қол қойылған, Ресей Федерациясымен жерасты байлықтарын қолдану егеменді құқығын жүзеге асыру мақсатында Каспий теңізінің солтүстік бөлігінің теңіз түбін анықтау туралы Келісімін ратификациялады.

9 қазан 2000 жылы, Астанада Қазақстан мен Ресей Каспий теңізіндегі ынтымақтастық жөніндегі Декларацияға қол қойып, 26 ақпан 1921 жылғы және 25 наурыз 1940 жылғы келісімдерде көрсетілген кеме қатынасының еркіндігі, балық шаруашылығы еркіндігі мен Каспий маңы елдеріне тиесілі емес теңіз кемелерінің қаты-

насына тиым салу сұрақтарының күшінде қалатынын баяндайды. 14 мамыр 2003 жылы Алматыда Қазақстан, Әзірбайжан мен Ресей арасында Каспий теңіз түбі іргелес аумақтарын бөлу сызығының түйісу нүктесі туралы үшжақты Келісімге қол қойылды.

Каспий теңізінің статусын келісім-шарттық реттеу үдерісіне Қазақстан Республикасының қосқан саяси-құқықтық үлесі зор. 1994 жылдың 19 шілдесінде Қазақстан Каспий теңізінің құқықтық статусы туралы Конвенция жобасын ұсынды. Жоба Қазақстан Республикасы ресми биліктерінің Каспийдің болашақ статусы туралы көзқарасын білдіреді. Жоба бойынша Каспий теңіз ретінде қарастырылып, 1982 жылдың 10 желтоқсанында қабылданған БҰҰ Конвенциясының негізгі нормативтерінің күші жүру керек. Жобада Каспий жағалауындағы елдердің мемлекеттік шекаралары көлемдік сулар бойынша, яғни жағалаудан 12 теңіздік мильмен бекітілуі қажет. Теңіз түбінің қалғаны ұлттық секторларға бөлінеді. Бөлінген бөліктер халықаралық теңіз құқығына сәйкес жағалау мемлекеттерінің ерекше экономикалық аймақтары болып табылады. Ал, табиғи ресурстарды пайдалану, әсіресе ұлттық секторларда жатқан теңіз қойнауындағы байлықты қолдану жағалау мемлекеттерінің құқықтық құзыретіне бағынады. Осыған орай Қазақстан тарапы жағалау мемлекеттерінің табиғи ресурстарды пайдаланудағы мүдделерін қорғауға және экологиялық жүйені сақтауға шақырады.

Назарға алынатын тағы да бір жағдай бар. Каспий теңізі мемлекеттері арасында ынтымақтастықты үйлестіру мәселелері бойынша шынайы шаралар қабылдау мақсатында 1994 жылдың 28 шілдесі Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімімен Каспий теңізіне қатысты түрлі мәселелерді шешу, оған қоса теңіздің статусын анықтау бойынша келіссөздерге қатысу үшін үкіметтік делегацияның және сарапшылар тобының бірінші құрамы бекітілді. Өкімнің «Каспий теңізі құқықтық статусы бойынша нұсқаулар» атты №2 қосымшасында Қазақстан делегациясына 1921 жылғы 26 ақпан, 1940 жылғы 25 наурыз КСРО мен Иран арасындағы келісімдер жаңа геополитикалық шындыққа жанаспайтынын негізге алу туралы тапсырма берілген. Делегация БҰҰ 1982 жылғы теңіз құқығы туралы Конвенциясының шарттары жүруін мақсат қою керек. Яғни БҰҰ Конвенциясы аймақтық сулар,

ерекше экономикалық аймақтар, құрлықтық шельфтер, ашық теңізде еркін ұшу, балық аулау, қоршаған ортаны қорғау және жағалауды қорғау мәселелерін реттейді. Өкім бойынша қазақстандық делегацияға Каспий теңізінің құқықтық статусына қоса, жағалау мемлекеттері арасында аймақтық ынтымақтастық туралы келісім-шарт бойынша келіссөздер жүргізу тапсырылған.

Тапсырманың мәні делегацияның келіссөздер кезінде Каспий теңізінің құқықтық статусы бойынша бірнеше басымдықтарды басшылыққа алуында жатыр. Басымдықтарға: ұлттық әлеуметтік-экономикалық даму мақсатында Каспий теңізі қазақстандық бөлігінің шикізаты мен басқа да ресурстарын тиімді өндіру және пайдалану үшін Қазақстанға халықаралық деңгейде танылған құқықтық негіздер мен шынайы мүмкіндіктер беру, жағалаудағы мемлекеттердің ынтымақтастық рухында экологиялық проблемаларды шешу, республикаға теңіз көлігі мен балық аулауды қамтамасыз ету болып табылады. Тапсырмада Каспий теңізі мемлекеттерімен келіссөздер барысында мемлекеттің егемендік теңдігін, Қазақстан Республикасының танылған құқығы мен мүдделерін құрметтеу, Каспий теңізінің статусы мәселелерін қарастырғанда тараптардың ұстамдары мен ерекшеліктерін өзара тәуелділікпен қарау тапсырылған.

Қазақстанның ресми ұстанымы салыстырар болсақ, Әзірбайжанның ұстанымымен, жұмсақтау болып келеді. Екі мемлекеттің Каспий теңізінің құқықтық статусын анықтауда ұстанымдарында ұқсастық көп болғанымен Қазақстанның пікірі бейімділеу. 1996 жылдың қыркүйегінде екі мемлекет Каспий теңізінің статусын анықтау, суы мен түбінде ынтымақтастық құру принциптері туралы Ортақ баяндама жобасын өзара келісіп, президенттердің қол қоюына ұсынылды. Баяндамада екі тарап теңіздің ұлттық секторларындағы минералдық және биологиялық ресурстарды пайдалану жұмыстарын жүргізу құқықтарын өзара және басқа жағалау мемлекеттерінің құқығын мойындайтынын білдірді. Бүгін Астана мен Баку өздерінің көмірсутегі ресурстарын іздеу және өндіруді еркін жүргізіп жатыр. Екі мемлекет те Каспий теңізінің шельфіндегі мұнай және газ қорын өндіру халықаралық келісім-шарттар жасау бойынша нақты шаралар қабылдауды жалғасытырып келеді.

Құқық әдебиеттерінде «тұйық теңіз» және

«жабық теңіз» ұғымдары тең-ауыспалы әрі бір санатта жиі қолданылады. «Жабық теңіз» ұғымы жағалау мемлекеттерінің қауіпсіздігі үшін тыс мемлекеттердің әскери-теңіз кемелерінің кіруіне шектеу немесе толық жабылуынан шығып отыр.

Халықаралық құқықта теңіз құқығы сияқты «көл құқығы» деген біртұтас жүйе қалыптаспаған. Халықаралық құқықта «шекаралық көл» деген дербес институт болмауы оның теориялық-доктриналық әлсіздігін ғана емес, әрбір көлдің ерекшеліктерін ескере отырып қабылданатын нормативтік принциптер жүйесін анықтауды қиынға соғатынын білдіреді. Ал ол іс жүзінде, балық аулау, кеме қатынасы және басқа да су бассейні аймағына қатысты мемлекеттің іс әрекетін реттейтін сәйкестендірілген ережелерді келістіру мүмкіндігін екіталай қылады. Теңізді «шекаралық көл» деп мойындаған жағдайда Каспий теңізіне қатысты басқа да қиындықтар туындауы мүмкін, себебі Ресей мен Иран сияқты анағұрлым қуатты мемлекеттер, ортақ ережелер мен келісімдердің жоқ болуына байланысты, қандай да бір іс әрекет түрлерін анықтау мен нормативтік бекітуде өз мүдделеріне сәйкес келетін позициялар мен нормаларды қолдайтын болады.

Барлық бес Каспий маңы мемлекеттерінің Сыртқы істер министрлерінің орынбасарларынан тұратын Арнайы жұмыс тобы Каспий теңізінің құқықтық статусын анықтаудағы көпжақты келіссөз механизмі болып табылады. Бұл жұмыс тобы Каспий маңы мемлекеттерінің сыртқы істер министрлері кеңесінің шешіміне сәйкес 1996 жылы Ашхабадта құрылды. Жұмыс тобының басты мақсаты – осы мемлекеттердің Каспийдегі негізгі іс әрекеттерін реттейтін бесжақты келісімді талқылау және құрастыру. Осы себепті жұмыс тобы кеме қатынасы, балық шаруашылығы, Каспийдің табиғи ортасын қорғау және ең күрделісі Каспий теңіз түбі мен су қабатын ұлттық секторларға бөлу сияқты көптеген сұрақтарды қарастырады. Осылайша Каспий маңы мемлекеттері арасында Каспий теңізінің статусына тиісті позициясы мен келешегіне қатысты келіспеушіліктер орын алуда. Бұл құқықтық проблеманы шешудегі мемлекеттердің негізгі үш позициясын атап өтуге болады: Каспийге шекаралық көл статусын беру; 1982 жылғы Теңіз құқығы бойынша Конвенцияның мазмұнына сәйкес Каспий «тұйық теңіз» ретінде; теңіз және оның қорына ортақ иелік ету (кондоминиум режимі). Көпжақты келіссөз механизмі болып табылатын арнайы жұмыс тобы өз қызметіндегі объективті қиындықтар

мен жағалаудағы мемлекеттер позициясының қарамақайшылығына қарамастан өз жұмысын жалғастыруда. Кеме қатынасы мен балық шаруашылығының құқықтық режимі сияқты бірталай сұрақтар бүгінгі күні келісілгенімен, Каспий теңізінің қоры, теңіз түбі, су қабаты мен әуе кеңістігіне қатысты Каспий маңы мемлекеттерінің ұлттық юрисдикциясын анықтаудың басқа да маңызды аспектілері күн тәртібінде талқылануда. Кеңестік және Иран арасындағы келісім тәжірибесінің анализі көрсеткендей, Каспий теңізін пайдалану режимінің негіздері қаланғанымен, оның халықаралық-құқықтық статусы соңына дейін рәсімделмеген болатын. Осыған орай, Кеңестік және Иран арасындағы келісім тәжірибесімен шектеле отырып, жаңа келісімдерге қол қоюдың қажеттілігін жоққа шығаратындардың мәлімдемесі күдік тудырады. Иран зерттеушілерінің пікірінше де, Каспийдің теңіз ретінде анықталуы географиялық тұрғыдан да орынды болып табылады. Себебі, оның алып жатқан аумағы әлемдегі көлемі бойынша екінші орынға ие ұқсас бассейн Верхнее көлінің аумағынан 5 есе асады және Парсы мен Оман шығанақтарының қоса алып жатқан аймағын алып жатады. 1981 жылы шыққан энциклопедиялық сөздіктегі «теңіз» ұғымы – «ол құрлықпен немесе суасты бедері үстірттерімен оқшауланған және мұхиттың ашық бөлігінен гидрологиялық және метеорологиялық режиммен ерекшеленетін Әлемдік мұхиттың бөлігі» деп беріледі. Бұл анықтама өз кезегінде Каспийдің геологиялық сипаттамаларына толық сәйкес келеді.

Объективті жағдайлар бойынша КСРО-ның әрекет етуінің тоқтауы мен жаңа Каспий маңы тәуелсіз мемлекеттердің құрылуын есепке алмауы бірбөлек, сонымен қоса Кеңестік және Иран арасындағы келісімдерді жандандыру және оларды жағалық мемлекеттердің пікірі мен мүдделерін ескерусіз автоматты түрде қолдану аталмыш аймақтағы келешектегі ұзақ мерзімді тұрақтылықтың орнауына әкелмейтініне орай, 1921 және 1940 жылдардағы шарттардың бүгінгі күнгі саяси, экономикалық және құқықтық мәселелерге сай келмейтіні Ресей ғылымының өкілдеріне де айқын болуда.

Каспий теңізінің статусы туралы Конвенцияны анықтау, келісу және одан да кейін жеке екі жақты немесе көпжақты келісімдер негізінде өзінің географиялық орналасуына байланысты қолайсыз жағдайдағы жағалық мемлекеттердің, әділдіктің *ex aequo et bono* қағидасына сәйкес,

Қара және Балтық теңіздеріне шығу құқығына ие болуы қажет. Себебі бүгінгі күні әрекет етуші каналды-өзендік жүйелер Каспий теңізінің Балтық теңізімен (Волга өзені – Марьин каналы жүйесі) және Қара теңізбен (Волга өзені – Волго-Дон каналы – Азов теңізі жүйесі) кеме қатынасы жолдарын жалғастыруға мүмкіндік тудырады.

Осыған дейін Қазақстан негізгі келісімнің, яғни көпжақты Каспийдің құқықтық статусы туралы Конвенцияның заңды күшіне енуінен кейін салалық келісімдерді құрудың жақтасы болып келсе, қазір экологиялық жүйенің біршама нашарлауы және келіссөздер процесінің созылуы жағдайында қазақстандық тарап жедел шешімді талап ететін жекелей сұрақтар бойынша арнайы келісімдер құруды қолдауы Қазақстан ұстанымының икемділігін байқатады.

Қазақстан өкілдерінің пікірінше, теңіздегі тіршілік әрекетінің аса маңызды аспектілерін реттеу, ең алдымен қоршаған ортаның экологиялық балансын сақтау мақсатындағы Каспийдің құқықтық статусы туралы бесжақты келісімге қол қойғанға дейін, түрлі ұстанымдардың келісілуі кезең-кезеңімен орындалуы керек. Сонымен қатар, мемлекеттік тәуелсіздігін орнатқан Каспий маңы мемлекеттерінің де көз қарастары ескерілуін талап ететін жаңа геосаяси жағдайды ескере отырып, Кеңестік және Иран арасындағы 1921 және 1940 жылдардағы келісімдердің кейбір баптарының қолданылуы мүмкін болып табылады.

Айтылғанды түйіндей отырып, әр жағалық мемлекет теңіз бен оның ресурстарына егемен құқықтарға ие деген қорытындыға келуге болады. Мемлекеттің құрлықтық территориясы қандай да бір мемлекеттің іргелес орналасқан су кеңістіктеріне құқық көлемін анықтаудағы негіз және басты фактор болып табылаты-

нын білдіретін халықаралық теңіз құқығының кең тараған *land dominates the sea* қағидасы Каспий теңізімен шекаралас мемлекеттермен қолданылуы мүмкін және толық көлемде қолданылуы тиіс.

Қорытындылап айтқанда, халықаралық теңіз құқығын теңіз кеңістігі мен мемлекет аралық қатынастың реттеуімен байланысты зерттеу және қолдану жұмыстарын жүргізетін құқық мәртебесін анықтайтын нормалар жинағы деп анықтауға болады. Біздің ойымызша, теңіз кеңістігінің халықаралық құқықтың алты негізгі бөлігін ажыратуға болады: ішкі теңіз сулары, аумақтық теңіздер, ерекше экономикалық аймақ, ашық теңіз, құрылықтық шельф және оның шектеріндегі теңіз түбі. Кеме жолаушыларының құқықтық көлемі мен міндеттері ішкі теңіз суларында, аумақтық теңіздерде, ерекше экономикалық аймақтар мен ашық теңіздерде және бос жатқан жерлер мен балық аулайтын аймақтарда, халықаралық бұғаз сулары мен каналдарда айырмашылығы бар.

Әдебиеттер

1. Действующее международное право. Том второй /Сост. Колосов Ю.М. и Кривчикова Э.С. – Москва: Издательство Московского независимого института международного права, 1997. – 832 с.
2. Игнатенко Г.В., Тиунов О.И. Международное право. – Москва: Издательство НОРМА, 2002. – 436 с.
3. Ian Brownlie. Principles of Public International Law. – Oxford, Oxford University Press, 2003. – P. 743.
4. Каламкарян Р.А., Мигачев Ю.И. Международное право. – М.: Эксмо, 2006. -736 с.

А. Сабыров

Актуальные аспекты современного международного морского права и Республика Казахстан

В данной работе автор рассматривает становление международного морского права. Анализируются основные многосторонние межгосударственные соглашения, регулирующие правовой статус и режим морских пространств. Детально в статье изучены и классифицированы принципы современного международного морского права. Вероятность становления новых правовых принципов анализируется в работе. Рассмотрены также и региональные аспекты морского права. В статье внимание уделено определению правового статуса Каспия. Позиция Казахстана более детально анализируется в работе. Затронуты позиции прибрежных государств на сегодня.

A. Sabyrov

The modern day law of sea and the Republic of Kazakhstan

The article deals with the present status of the Law of the sea. The author analyses in detail the basic principles and multilateral intergovernmental agreements that regulate the activities on the sea and the adjacent areas. The classification of major principles is offered for the readers. Possible future perspectives of development in this area are offered for the readers. Regional aspects of the Law of the sea are mentioned in the work. The article also touches on the issues of the Caspian sea status. Some agreements in that field are considered in more detail. The positions of littoral countries is scrutinized as well.